

Қазақстан Республикасында теңгеге алынған өнім мен тауарлар экспортына шектеулдерді алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 4 ақпан 1994 ж. N 1543. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттердің валютасын тарту, теңгені нығайту, Қазақстан Республикасының төлем балансын жақсарту, сыртқы саудасын кеңейту, сондай-ақ халықаралық қаржы міндеттемелерін орындау үшін жағдайлар туғызу мақсатында қаулы етемін:

1. Квота мен лицензия берілуге тиіс өнім мен тауарлардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі комиссиясының рұқсаты талап етілетін тарихи құндылық болып табылатын мәдени қазынадан, өнер туындылары мен көне мұралардан басқа Қазақстан Республикасында теңгеге алынған өнім мен тауарларды заңды тұлғалардың әкетуіне шектеулер жойылсын.

Кесіпорындар мен тауар өндіруші үйымдар белгіленген квоталар шегінде алыс сырт елдерге, ТМД мен Балтық елдеріне және мемлекет мұқтажы үшін өнім беру шарттарын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсаты талап етілетін өнім мен тауарлардан басқа өздері өндірген өнім мен тауарларды республикадан тысқары жерлерге еркін әкетуге құқықты деп белгіленсін.

2. Осы Жарлықтың I тармағында көрсетілген өнім мен тауарларды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкетуге құқық беретін негіз жүк жөнелтуші республиканың кеден органдарына табыстайтын белгіленген үлгідегі кедендік жүк декларациясы, сондай-ақ өнім мен тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағында теңгеге сатып алынғанын растайтын банктік төлем күжаттары және кеден бажын төлегендігі туралы құжаттар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері осы Жарлықтың I тармағында көрсетілген өнім мен тауарлардың экспортын шектеу жөнінде шешімдер қабылдауға құқылы емес.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті биылғы 10

ақпанға дейін осы Жарлықты жүзеге асыруға қажетті шешімдер қабылдасын және бұрын қабылданған нормативтік актілерді соған сәйкес келтірсін.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1991 жылғы 12 желтоқсандағы N 537 Жарлығының 6 тармағындағы 1 және 2 абзацтардың күші жойылған деп танылсын.

6. Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 4 ақпан

N 1543